

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 119 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 14 қараша N 119а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 119 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

6 "Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген тармағында:

030 бағдарламада:

031 кіші бағдарламада 5-бағандағы "шамамен 160 бірлік" деген сөздер "100 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

032 кіші бағдарламада 5-бағандағы "шамамен 2-4 бірлік" деген сөздер "3 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын, "шамамен 20-40 бірлік" деген сөздер "30 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

033 кіші бағдарламада 5-бағандағы "шамамен 80-120 бірлік" деген сөздер "200 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын, "шамамен 240-360 бірлік" деген сөздер "500 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

6 "Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген тармағында:

600 бағдарламаның 5-бағанында:

"60" деген сандар "67" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараты үшін саны 22 дана компьютер, саны 11 дана принтер, саны 17 дана көшіру аппаратын, саны 17 дана телефон-факс сатып алуды жүргізу."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі